

Сабақ тақырыбы

Жұртаның таралу жолдары



Жорық қағазы



Желпігіш

Жаңа

сабақ

Тест

пысықтау

Мәтінмен жұмыс


Суретпен

Ойлан

жұмыс

тап

Дайындық кезеңі:
Шаттық шеңбер,
4 Топқа бөлу,
Топқа атау беру



TEST

4. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын өлшейтін құрал:

А) **спирометр**

Ә) танометр

Б) таразы

В) динамометр

5. Бұл витамин организмде оттегін тасымалдауға қатысады, улы заттарды залалсыздандырады, көбею процесіне қатысады :

А) К

Ә) А

Б) Р

В) **Е**

6. Бұлшықеттердің Қалыпты жұмысы үшін, әсіресе организмге өсу мен даму кезеңінде өте қажет элемент:

А) натрий

Ә) **калий**

Б) кальций

В) магний



Жаңа сабақ

Мәтінмен жұмыс



1 мәтін Жұқпалы аурулар әр-түрлі жолдармен таралады, соның ішінде негізгі таралу жолдары төмендегідей:

- Тамақ арқылы- микроорганизмдер кір қол, тамақ, су арқылы асқазан жолдарына түседі. Осылайша кенеттен асқазан дизентерия, холера тарайды
- Ауа тамшы арқылы- жұқпа қоздырғыштар ауру адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғады. Бұл жол арқылы тұмау, туберкулез жұғады.
- Жанасу арқылы- бұл жағдайда жұқпа, сау адам ауру адаммен тікелей байланыста болғанда(қол алу, ауру адамның заттарын, ыдысын, киімін пайдаланғанда) жұғады. Бұл кезде асқазан аурулары, ішек қарын, тері т.б. пайда болады.

2мәтін Жұқпалы аурулар әр-түрлі жолдармен таралады, соның ішінде негізгі таралу жолдары төмендегідей:

- Жұқпа таратқыш жәндіктерге бит, кене, маса, шыбын т.б. жатады. Бұлар өте қауіпті ауруларды – кене энцефалитін, сары ауру т.б. таратушылар.
- Жұқпалы аурулар медициналық құрал-жабдықтар (ине т.б.), қол-аяқ тырнақтарын сәндеу құралдар, татуаж арқылы да таралады. Сондай-ақ, ауру адамның қанын сау адамға құйған кезде жұғады.
- Көпшілік жерлерде санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау, көшеде ашық сатып жатқан тағамдарды пайдаланбау, оқу мекемелерінде және үйлерде күніне екі рет ылғалды тазалаудан өткізу, бөлмені желдету. Жұқпаны тасымалдайтын жәндіктермен күрес жүргізу. Жұқпалы ауруларды алдын алу үшін салауатты өмір салтын ұстану, организмді шынықтыру мен нығайтудың маңызы өте үлкен.

Змәтін

1.Барлық жұқпалы аурулар екі топқа бөлінеді:

1) Лас қол аурулары-ауру адамдардан лас қол,заттар арқылы жұғады.Мысалы,дизентерия,іш сүзегі,табиғи шешек,дифтерия,қызылша т.б.

2)Жұқпалы ауру-адамға жануарлардан,олардың еті, сүті арқылы немесе жұқпалы ауру бар жануарларды күту кезінде жұғатын ауру. Оларға жататындар құтыру,оба,туляремия,сібір жарасы,аусыл,сарп (бруцеллез) т.б. аурулар.

Жұқпалы аурулардың алғашқы белгілері- адамның дене қызуы $+38+40$ С дейін көтеріледі, жалпы әлсіздік,тері қабатында түрлі бөртпелер пайда болады,олар қызыл түстен ірің деуге дейін айналады.

4мәтін

Әр жұқпалы аурудыңөзіне тән бөртпелері бар.Қанға микробтар енген кезінде де адам организмі уланады (интоксикация):басы ауру,тәбеттің жоғалуы,кұсқысы келетіндігі байқалады.Ал асқазан-ішек жұқпалы аурулардың басты белгілері-жиі іш өту,үлкен дәретке қан араласады,іш ауырады.


Асқазан-ішек жұқпалы ауруларының шұғыл алдын алу шараларына-жеке бас гигиенасын сақтау,яғни,қолды жуу, жеміс-жидектерді жуып жеу,сүтті қайнатып ішу,ас-суды қайнатып қолдану,тамақты жоғары термикалық өңдеуден өткізу,тамақты шыбындардан қорғау құралдарды залалсыздандыру т.б. жатады.Тағам ретінде сапалы,таза, жаңа піскен тамақтарды пайдаланған дұрыс.

Көпшілік жерлерде санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау,көшеде ашық сатып жатқан тағамдарды пайдаланбау,оқу мекемелерінде және үйлерде күніне екі рет ылғалды тазалаудан өткізу,бөлмені желдету.Жұқпаны тасымалдайтын жәндіктермен күрес жүргізу.Жұқпалы ауруларды алдын алу үшін салауатты өмір салтын ұстану, организмді шынықтыру мен нығайтудың маңызы өте үлкен.





ПЫСЫҚТАУ









қорытындылау

